

ООН. URL: <https://www.unhcr.org/refugee-statistics/insights/explainers/forcibly-displacedpocs.html> [Accessed 6 March 2022].

6 UN High Commissioner for Refugees (UNHCR). The 10-Point Plan in Action. Glossary. December 2016. Available at: <https://www.refworld.org/docid/59e99eb94.html/> [Accessed 6 March 2022].

7 Руководящие принципы по вопросу о перемещении лиц внутри страны. URL: https://www.un.org/ru/documents/decl_conv/conventions/internal_displacement_principles.shtml [Дата обращения: 7.03.2022]

8 Рассмотрение вопроса о внутреннем перемещении: видение будущего. Доклад Группы высокого уровня Генерального секретаря ООН по вопросу о перемещении лиц внутри страны. - 2021. – С. 4-6. URL: https://www.un.org/internal-displacementpanel/sites/www.un.org.internal-displacement-panel/files/idp_report_web_russian.pdf [Дата обращения: 7.03.2022].

9 Ukraine Refugee Situation/ Operational Data Portal. A Service provided by UNHCR, URL: <https://data2.unhcr.org/en/situations/ukraine/location?secret=unhcrrestricted> [Accessed 26 March 2022].

УДК 341.1/8

ОРТАЛЫҚ АЗИЯДАҒЫ ПОСТКЕҢЕСТІК ЕЛДЕРДІҢ ҚҰҚЫҚТЫҚ ЖҮЙЕЛЕРІНДЕГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ НОРМАЛАРДЫҢ ОРНЫ

(Қазақстан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан)

Сеитова Айгерим Бадыкеновна

Seitovaaigerim98@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ Заң факультетінің 2-курс магистранты
Ғылыми жетекшісі – Тлепина Ш.В.

Кеңестік Социалистік Республикалар Одағының ыдырағанына жиырма жылдан аса уақыт өтті. 1991 жылы оның аумағында он бес тәуелсіз мемлекет пайда болды. Олардың кеңестік кезеңнен кейінгі дамуы, дамыған мемлекеттердің көшіне ілесуі әртүрлі кезеңдер модельдер мен идеялар негізінде жүзеге асты. Кеңес Одағының ыдырауы оларда бар көптеген жасырын проблемаларды әшкереледі. Экономикалық күйзеліс, гуманитарлық және азаматтық дағдарыстар сәйкессіздіктерге жол ашты деп айта аламыз. Бұл ретте өте жоғары қарқын саяси процестер, сондай-ақ бұл елдердегі кейбір реформаторлық әрекеттердің радикалдылығы осыны көрсетті. Қазіргі кезде Посткеңестік кеңестік әлемдегі қарқынды дамып келе жатқан аймақтардың бірі болды.

Дамыған елдердің қатарына қосылу және әлемдік кеңестікпен байланыс орнатуда халықаралық шарттарға қосылу және халықаралық принциптер мен нормаларды мойындау өте маңызды. Бұны әлем елдерінің практикасынан анық көруге болады.

Халықаралық құқықтың негізгі принциптері - халықаралық қатынастар жүйесінің және халықаралық құқықтың маңызды заңдылықтарын білдіріп, тұрақтылық, бірегейлік, дамудың негізін көрсетеді. [1]. Ю.С. Ромашев, «Халықаралық қатынастардағы маңызды және реттеуші рөлді халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормалары атқарады. Осыған байланысты халықаралық-құқықтық нормалардың «конвенциялық» мәртебесін алатын шарттарын анықтау мәселесі теориялық және практикалық маңыздылыққа ие» [2; 297].

Ғылыми әдебиеттерде «халықаралық нормалар мен принциптер», «халықаралық шарт», «халықаралық келісімшарт» немесе «нормативтік құқықтық акт» деген түсініктер бар екені түсінікті. Әлемдегі көптеген елдер бұл түсініктерді өздерінің Конституцияларында бекіткен. Алайда осы мәселеге қатысты көптеген даулы сұрақтар бар. Посткеңестік елдердің контекстінде осы мәселені талқылайтын болсақ, мысалы Ресей Конституциясының 15-бабына сәйкес халықаралық нормаларының басымдығы мойындалса да, халықаралық келісімшарттар мен халықаралық-құқықтық Ресей құқығының құрамдас бөлігі болып табылады [3]. Арменияның Конституциясының 6-бабына да сүйенсек те, халықаралық нормалардың басымдығы белгіленсе де, олар құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі болып саналды [4]. Қазақстан Республикасы Конституциясының 4- бабында халықаралық құқықтық нормалар мен принциптер ұлттық құқықтың алдында басымдыққа ие болады деген [5]. Әзірбайжан Конституциясының 7- бабында да халықаралық нормалар мен қағидалар құқықтық мәселелерде басымдыққа ие деп бекітілген [6]. Дегенмен, Қырғызстан Республикасын Конституциясының 12-бабында нақты халықаралық шарттардың нормаларын құқықтық жүйенің құрамдас бөлігі деп көрсеткен және де ол іс жүзінде де солай [7]. Түркменстанға келер болсақ, халықаралық нормалардың басымдығын мойындаған мемлекеттердің қатарында, Конституциясының 8-бабына сәйкес [8]. Өзбекстан Республикасының Атазаңының 17-бабында халықаралық нормалардың ұлттық құқықтағы орны анықталған [9]. Посткеңестік елдердің Орталық Азиядағы мысалы Қазақстан Республикасы қолданыстағы екі мыңға жуық халықаралық шарттардың қатысушысы болып табылады. Қазақстанның басқа елдермен шарттық байланыстарының кеңеюі оның халықаралық шарттар жасасуын регламенттейтін мемлекетшілік заңнаманы жетілдіру қажеттігін негіздеді. 1995 жылғы ҚР Конституциясының ережелеріне және мемлекеттер қатысатын халықаралық шарттардың (1969 ж.) және халықаралық ұйымдар қатысатын шарттардың (1986 ж.) құқығы туралы Вена конвенцияларында көрсетілген шарттық құқықтың жалпы танылған нормаларына негізделген [10]. Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары Қазақстан Республикасының шет мемлекетпен не халықаралық ұйыммен жазбаша нысанда жасасқан және мұндай келісімнің бір құжатта немесе өзара байланысты бірнеше құжаттарда бар-жоғына қарамастан, сондай-ақ оның нақты құжатына қарамастан, халықаралық құқықпен реттелетін Халықаралық келісім ретінде 1995 жылғы аталған Заңда айқындалады атауы;. Бұл анықтамадағы маңызды сәт, келісім халықаралық құқықпен реттелуі керек, бұл мемлекеттерді саяси міндеттейтін, бірақ заңды міндеттемелер туғызбайтын келісімдерден айырмашылығы, мысалы, Еуропадағы қауіпсіздік және Ынтымақтастық Ұйымы шеңберіндегі көптеген келісімдер. Заң Уағдаласушы Тараптардың деңгейіне байланысты халықаралық шарттардың үш санатын ажыратады: мемлекетаралық, үкіметаралық және ведомстволаралық сипаттағы шарттар. Мемлекетаралық шарттар шет мемлекеттермен, сондай -ақ халықаралық ұйымдармен, әдетте, ең жоғары деңгейде, Қазақстан Республикасының атынан жасалады [11].

Өзбекстанға келер болсақ, Өзбекстанның жаңа құқықтық жүйесі қатаң зайырлылық қағидаттарға негізделген, роман-германдық дәстүрлерге және халықаралық деңгейде мойындалған қағидаттарға, нормалар мен стандарттарға, оның ішінде адам құқықтары саласындағы нормаларға бағытталған. Сонымен бірге Өзбекстанның жаңа заңнамасы тұтастай алғанда кеңестік кезеңде қалыптасқан, және негізінен ТМД-ның құқықтық

кеңістігіне ортақ құрылымды, жүйені және құқықтық техниканы сақтайды. Өзбекстан кодекстерінің барлығы дерлік жаңа ресейлік кодтардан түбегейлі айырмашылығы жоқ. Өзбекстанның қазіргі сот жүйесі туралы да осыны айтуға болады. Өзбек пен ресейлік заңгер ғалымдардың арасында да құқықтық ойлаудың айтарлықтай ортақтығы бар. Қырғыз Республикасы халықаралық шарттарды өзінің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі санағанымен де 1999 жылғы 21 шілдедегі N 892 «Қырғыз Республикасының халықаралық шарттары туралы» заңының 28, 29-баптары сәйкес халықаралық нормалар мен принциптерді сақтау және орындауды мемлекеттің алдындағы жауапкершілігі үлкен міндет санайды [12].

Мемлекет өзінің ішкі құқығының ережелеріне сілтеме жасау арқылы халықаралық шарттың нормаларын орындаудан қаша алмайды (Вена конвенциясының 27-бабы, халықаралық шарттар құқығы туралы 1969 ж.) [10]. Бұл БҰҰ Жарғысы мен халықаралық шарттар құқығы туралы Вена конвенциясында бекітілген *pacta sunt servanda* принципін бұзуға әкеледі. Осыдан кейін, халықаралық нормалар ұлттық құқық нормаларынан биік тұрады деген ой келеді, алайда ратификация жасалынған халықаралық нормалар ғана ұлттық құқықта қолданылатынын ескере отырып, ал ұлттық құқыққа қайшы нормалар қабылданбайтынын да ескеру маңызды.

Тәуелсіздік алғаннан кейін Тәжікстан Республикасы адам құқықтары саласындағы барлық халықаралық құжаттарға мүше болды, сол арқылы оларды жүзеге асыру бойынша өз міндеттемелерін алды. Тәжікстан Республикасының Конституциясы Тәжікстанның демократиялық мемлекет екенін, заң үстемдігін сақтайтынын және адам құқықтарының ең жоғары өкілдері екенін бекітті. Тәжікстан Республикасының Конституциясы Тәжікстан мойындаған халықаралық-құқықтық актілер республиканың құрамдас бөлігі болып табылатынын, халықаралық-құқықтық актілермен танылатынын, республиканың халықаралық-құқықтық актілеріне сәйкес келмеген жағдайда халықаралық-құқықтық актілердің нормалары қолданылатынын белгіледі [13].

Орталық Азиядағы посткеңестік елдердің тағы бірі Түркіменстан. Ол өзінің сыртқы саясаттағы бейтараптық бағытымен ерекшеленеді.

Түркіменстан президентінің бастамасымен Түркіменстанда конституциялық реформалар жүргізілді. 2016 жылы 14 қыркүйекте Түркіменстан Конституциясы жаңа редакцияда бекітілді. Түркіменстан Конституциясының адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтары туралы бөлімі он бір жаңа баппен толықтырылды, онда негізгі заң деңгейінде адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарына халықаралық құқық нормаларға сәйкес кепілдік беріледі [8]. Түркіменстан конституциялық деңгейде халықаралық құқықтың жалпыға бірдей танылған нормаларының басымдылығын мойындайды (Түркіменстан Конституциясының 9-бабының 2-тармағы) [8]. Бұл қағида Түркіменстанның 2010 жылдың 10 қазанындағы «Түркіменстанның халықаралық шарттары туралы» Заңында бекітілген және нақтыланған, оған сәйкес Түркіменстан жалпыға бірдей танылған халықаралық шарттарды басшылыққа алады [14]. Егер Түркіменстанның халықаралық шартында Түркіменстанның заңнамасында көзделген халықаралық құқықтың қағидаттары мен нормаларынан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың (4-бап) ережелері қолданылады [15].

Аталған заңға сәйкес Түркіменстанның халықаралық шарттары қатаң сақталуы тиіс. Түркіменстан Парламенті заңдарды әзірлеу және қабылдау кезінде, ең алдымен, олардың жалпы халықаралық құқыққа, атап айтқанда, халықаралық міндеттемелерге сәйкестігі тұрғысынан қарайды. 2015 жылдың 18 мамырындағы «Әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Түркіменстан Заңының 2-бабына сәйкес, егер Түркіменстанның халықаралық шартында осы Заңдағыдан өзгеше ережелер белгіленсе, онда халықаралық шарттың ережелері қолданылады [16]. Азаматтардың теңдігі қағидатын сақтау Түркіменстанның ұлттық заңнамасының нормалар жүйесімен қамтамасыз етіледі. Азаматтардың теңдігінің заңнамалық кепілдігі Түркіменстан Конституциясының 28- бабында келтірілген, онда Түркіменстан адам мен азаматтың

құқықтары мен бостандықтарының теңдігіне, сондай-ақ адам мен азаматтың заң мен сот алдындағы теңдігіне кепілдік береді. ұлтына, терісінің түсіне, жынысына,шыққан тегіне, мүлктік және лауазымдық жағдайына, тұрғылықты жеріне,тіліне, дінге көзқарасына, саяси көзқарастарына немесе басқа да мәнжайларға байланысты [17].

Қорытындылай келе, мақалада қарастырылған Орталық Азияда орналасқан посткеңестік елдердің (Қазақстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Түркменстан, Қырғызстан) Конституцияларында халықаралық нормалардың ұлттық құқықтан үстемдігін нақты көрсеткен. Тек Қырғызстан ғана Конституциясында халықаралық шарттардың нормалары мен принциптерін өзінің құқықтық жүйесінің құрамдас бөлігі ретінде қарастырады. Конституцияда жоғарыда айтылған норма бекітілгенімен де, оны құқықтық тұрғыдан зерттейтін болсақ, халықаралық нормалар мен принциптерді ұлттық құқыққа енгізу ол бірнеше дәрежелі процесс. Оның елдің нормативтік құқықтық актілеріне қайшы келмеуі тиіс. Заң жүзінде халықаралық нормалардың басымдығы мойындалған.

Қолданылған әдебиеттер:

1. Ромашев Ю.С. Международное правоохранительное право: Монография.М.: Норма – Инфра–М, 2010.- 368 с.
2. Айдарбаев С.Ж., Шумилов В.М., Международное публичное право.Алматы, 2012. 285 б.
3. Конституция Российской Федерации от 12 декабря 1993 (с изменениями и дополнениями по состоянию на 14.03.2020 г.)4.Армения Республикасының 1995 жылғы 5 шілдедегі Конституциясы https://base.spinform.ru/show_doc.fwx?rgn=2950 (қаралған уақыты 29.03.2022)
5. Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 30 тамыздағы Конституциясы. — Алматы: «ИД-Эврика» ЖШС, 2005. — 4-б.
6. Әзірбайжан Республикасының 1995 жылғы 12 қарашадағы Конституциясы (2016 жылғы 25 шілдедегі өзгерістер мен толықтырулармен)
7. Қырғыз Республикасының Конституциясы (2021 жылғы 11 сәуірде референдумда бүкілхалықтық дауыс берумен қабылданған)
8. Түркіменстан Конституциясы, (25.09.2020 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен)
9. Өзбекстан Республикасының 1992 жылғы 8 желтоқсандағы Конституциясы (08.02.2021 жылғы өзгерістер мен толықтырулармен)
10. Шарттар құқығы туралы Вена конвенциясы (Вена, 23 мамыр 1969 ж.)
11. https://online.zakon.kz/Document/?doc_id=33073223&pos=8;-38#pos=8;-38 (қаралған уақыты 29.03.2020)
12. Қырғызстан Республикасының Халықаралық шарттары туралы 2014 жылдың 24 сәуірі №64 заңы.
13. Камолов И.И. Источники права Республики Таджикистан: автореферат диссертации: - Душанбе, 2009.
- 14.Түрікменстанның 2010 жылғы 10 мамырдағы № 108-IV «Түркіменстанның халықаралық шарттары туралы» Заңы (13.03.2021 ж. өзгертулерімен)
15. Конституции стран СНГ и Балтии: Учебное пособие/ Сост. Г.Н. Андреева. М.: Юристь, 1999.
16. Түрікменстанның 2015 жылғы 18 тамыздағы № 264-V «Әйелдер мен ерлердің тең құқықтары мен тең мүмкіндіктерін қамтамасыз етудің мемлекеттік кепілдіктері туралы» Заңы.